

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова*

«Қош келдің әз-Наурыз!» «Шаш алу рәсімі.»

(Ересектер, «Ер Төстік » тобының ұйымдастырылған ертеңгілігі)



*Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова.К
Байбақова.Ж*

Таушық ауылы, 20.03.2024 жыл.

Тақырыбы: «Қош келдің, әз-Наурыз!», «Шаш алу рәсімі»

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні Наурыз туралы мағлұмат беру. Балаларды елін,Отанын сүйуге,ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мерекесінің мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту.

Көрнекіліктер: самаурын, асықтар,қайшы, арқан жіп, гір тасы, орамал, ошақ,қазан.т.б.

(Киіз үйдің ішіне дастархан жайылған, мерекеге орай жабдықталған. Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік.Әсем әуен ойнап тұрады.Қонақтар дастархан басына жайғасады)

Келін: Армысыздар, құрметті қонақтар! Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып,Наурыз тойын тойлатып Жаңа жыл келді жерімізге.

Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелетін күн ұлы мереке.Наурыз күнін халқымыз жаңа жылдың басы –Ұлыстың ұлы күні деп есептеп, зор қуанышпен қарсы алған.Ұлттық салт-дәстүріміз, ойын сауығымыз бәрі қамтылатын ұлы мереке. Олай болса келіндер бәріміз Жаңа жылымызды,ұлыстың ұлы күнін бірге тойлайық.

(осы кезде әсем ән ойнап,әже немересімен келіп балаларға шашу шашады)

Келін:

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,

Нұрға бөлеп міне жатыр маңайды.

Мал біткеннің бал татыған уызды

Қуат болып қанымызға тарайды.

Төрт түлік мал халқымыздың сүйері

Көңілімнің күмбірлеген күйі еді

Аманба деп мал жаның?

Бірін бірі құшақтасып сүйеді.- деп ал, балалар ,қонақтар бәріміз бір-бірімізбен құшақтасып амандасайық, наурыз мерекесімен құттықтайық.

Әже: Армысындар қонақтар! Қош көрдік балапандар!Тойларыңыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын!Ақ мол болсын! Ұлы мереке тек жақсылықпен келсін. Ш-а-ш-ууууу

Келін:Наурыз-күнтізбеде жаңа жыл басы деп есептеледі. 21-22 күн аралығында күн мен түн теңеседі.Наурыз сөзі «жаңа» , «күн» яғни, жаңа жыл деген ұғымды білдіреді.Барлық тіршілік иесі адамзат жаңа күнде жаңа істерге бағыт жасайды.Ағаштар отырғызып, тал егеді.Үй аралап бір бірімен көріседі.Дастархан жайып қонақ қарсы алады.Ән шырқап,би билеп,ұлттық ойындар ұйымдастырады. Қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейді. Бүгінгі біздің тойымызға әннен шашу алып келген кішкентай қонақтарымыз бар

екен.Ал, ендеше кішкентай достарымыздың наурызға арналған әніне кезек береміз.

Ән: «Наурыз көктем»

(мерекеге тағы қонақтар келеді)

Ата-әже: Ассалаумағалейкум!Амансындар ма ұлдарым,қыздарым! Наурыз тойы құтты болсын!

Әже: Қош келдіңіздер! Төрден орын алыңыздар!Қызым, қонақтарға дайындаған ұлттық тағамның қасиеттісі Наурыз көже пісті ме?Алып келе ғой.Қонақтарға дәм татқызыайық.(осы кезде екі қыз наурыз көжені әкеледі.Ханшайым,Ақбөбек)

Әже: Наурыз құтты болсын,осы мейрам әр шаңыраққа бақыт, табыс,қуаныш әкелсін!Ақ мол болсын! Балалар сендер наурыз көже туралы не білесіндер?(сұр ет,бидай,су,тұз,жүгері)Дұрыс айтасындар,балалар! Наурыз көжені дайындау үшін жеті түрлі тағам салады.Ал,қанекей наурыз көжеден дәм татыңыздар!астан ұялмай алып отырыңыздар!

Келін: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге наурызға арналған тақпақтарға береміз.

Аяна:

Көктем,көктем,көктемде

Құстар келіп жеткенде

Біз қуанып қаламыз

Ән мен қарсы аламыз.

Ханшайым:

Наурыз тойы әдемі

Әжем еске түсірді

Біздерге арнап әдемі

Наурыз көже пісірді.

Аршат:

Бүгін күн мен түн теңелді

Жер шуаққа көгерді

Соны тойлап ел енді

Қуанышқа кенелді

Жарас:

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз қане біз.

Келін: Жарайсындар!

Шашу шашу шашайық
Ақ сандықты ашайық
Бұл мереке бұл тойда
Ұлттық ойын ойнайық.-деп кезекті ұлттық ойындарға берелік.
«Арқан тарту» ойыны.

Әже:Қазақтың салт-дәстүрлері керемет қой шіркін.Ұлыстың ұлы күнінде немеремнің қарын шашын нағашы жұртына алдырып, қазақтың ырымын жасап жібергім келіп отыр. Құда рұқсат болса, жиеніңіздің шашын алып рәсімді орындайық.

Келін: Ана сүтін ақтаймыз
Ата салтын сақтаймыз.
Шашу, шашу шашайық
Ақ сандықты ашайық
Бұл мереке бұл тойда
Керемет дәстүр жасайық.

«Шаш алу» рәсімі.

Нағашы ата: Биссимиллахи рахмани рахим! Маңдайың ашық болсын деп,маңдай шашынан бастап қияйын-деп басының төрт бөлігінен ырымдап шашын алады. Көрімдігімен,сый сияпатын табыстап,ақ батасын береді.

Жорыққанда жолың болсын!
Қыдыр Ата жолдасың болсын!
Алдыңнан ақ күн тусын!
Ғұмыр жасың ұзақ болсын!
Әумин!

Әже: Немеремнің шашын алып құрметтеп келгендеріңе көп рахмет айтып жанұямыздың атынан сыйлығымды табыстайын.Орамал тон болмайды, жол болады. Қабыл алыңыз.Қолыңыз құтты болсын!Жиендеріңіз көбейе берсін!

Келін: Бауырласқан салтымыз
Бұзылмаған антымыз
Кең даланың ежелгі
Қазақ дейтін халқымыз
Өзге ұлттай біздің де
Бар дәстүр мен салтымыз-деп балапанның өз жұрты мен нағашы жұрт арасы бұдан әрі мың жылдық болсын деген ниетпен құйрық бауыр жегізу дәстүріне кезек береміз.

«Құйрық бауыр жегізу» рәсімі. Райана, Кәусар

Келін: Бүгінгі мерекемізді әрі қарай жалғастыра отырып,

Келе жатқан үзілмей бабасынан
Қазақ үшін қымбат жоқ баласынан
Әлі талай шығады нағыз шара
Қыздарымыз бишілердің арасынан
Кішкентай мың бұралған биші қыздарымыздатойымызға келіп қалыпты. Биші
қыздарымызды Қамажай биімен ортаға шақырамыз. Қабыл алыңыздар!

Би: «Қамажай»

(осы кезде салт атты екі жігіт айқайлап кіріп келеді)

«**Деңгене, деңгене, деңгене жеуге келдік**»-деп айқайлайды. Қонақтар
әжеден деңгене деген не екенін сұрайды. **Нұрдос, С.Әлинұр**

Әже: Әй, шал ана қорадағы семіз малды сой. Келінжан, малдың етін түгел
ас. Деңгене дәстүрі бойынша келген жігіттер сол қойдың етін түгелімен
жеп, сорпасын ішсін. Егер тауысып жемесе, бір қойды екі қой қып қайтарып
бер. Бұл қазақтың бір ырымы. Келе қойыңдар, балалар. Төрлетіндер.

Келін: Жарайды, әже. Олай болса сері жігіттеріміз шақырып, серке көтеру
ойынын ойнатайық.

Ойын: «Серке көтеру» (Нұрдос, Мансур, Досхан, Нұралы, А.Әлинұр)

Келін: Керемет! Жігіттеріміз қайсарлы, қажырлы, күші көп мықты жігіттер
екен. Жарайсыңдар! Халқымыздың кез келген тойы айтыссыз өтпеген. Айтыс
арқылы ақындар сөздің дәмдісін, әннің саздысын жеткізе білген. Олай болса
ортаға айтыскер ақындарымызды шақырайық.

Айтыс: Нұрхан мен Ақбөбек

Нұрхан:

Атым Нұрхан болады сұрасаңыз,
Руым Бәйімбет Қырымқұл ата-бабамыз.
Әкем аты-Нұрбек, асқар тауым
Пана боп келесіз, жүз жасаңыз.
Агигай, агигай, агигай-ау.

Ақбөбек:

Айдай сұлу қызымын мен ақмамамның,
Көзайымына айналамын мына елдің
Сөздің басы сәлеммен басталады
Иіліп баршаңызға сәлем бердім.
Агигай, агигай, агигай ау

Нұрхан:

Ата-баба дәстүрін
Үйренуден қашпаймын
Айтыс десе тілім қышып
Айтысудан саспаймын.
Агигай, агигай, агигай ау.

Ақбөбек:

Ерке қызбын білесің
Қарсыласың мен боламын
Бүгін мейрам білесің
Айтыс ақыны мен боламын.
Агигай, агигай, агигай ау.

Әже: -Өркенің өссін! Жарайсыңдар!

Келін: Бүгін бәрі тамаша! Бәрі көңілді! Өйткені, бүгін бізде ұлы той!
Қанекей, тойға келген сылқым қыздарымыз бен ержүрек ұлдарымыз қайда
екен? Ұлыстың ұлы күнінде ұлттық ойындармен ортаның сәнін аша
түссін. Ортада «Қыз қуу» ойыны.

Ойын: «Қыз қуу» (Айша-мүслім, Асма-Хафиз, Асылай-С.Әлинұр, Аяна-
Азат, Жарас)

Келін: Шалқытып мерекеде ән салайық
Өнерпаз қыздарымызға тамсанайық
Өнердің аспанына асқақтасын,
Күйші көмей, әншілерді қарсы алайық. -деп әннен шашу алып келген
әншілерімізді қарсы алайық.

Ән: «Анашым қартаймшы»

Ортаға шығып әсем әнмен көңіл көтеріп биге шығыңыздар. Бүгін ұлы той!
Ұлы тойда ән мен бірге би билейік.

Келін: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрге
бай халық. Енді «Қол күрес» ойынын ойнатайық.

Ойын: «Қол күрес» және «Гір тасын көтеру»

Келін: Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда оның жолы болар. -деп асымыздың батасын алып ұлы мерекелік
тойымызды дастархан басында «Дастархан» әнімен шырқап отырайық.

Ән: «Дастархан»

Келін:

Наурыз тойын тойладық міне ағайын,
Амандықпен туа берсін күн сайын.

Бақыт тілеп, бақ тілеп халқымызға

Мерекенің шымылдығын жабайық.

Молшылық пен тыныштық боп жерімізде,
Бейбітшілік нық болсын елімізде.
Достық пенен жайнай берсін отанымыз,
Желбіресін қазақ туы көгімізде- деп ұлы мерекемізді аяқтаймыз.
Қош сау болыңыздар!

